

Бұйрыққа № 2 қосымша
Басқарма Төрағасы
"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ

" _____ " _____ 2024 ж., № _____ /ОД

Хабарландыру

Түркістан қаласының "Назарбаев Зияткерлік мектептері" "ДББҰ" химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі" филиалы үшін ерекше тәртіпті қолдана отырып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді сатып алуды жүзеге асыру туралы.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі - ДББҰ), 010000 Астана қ., Нұра ауданы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1 үй (ДББҰ ғимараты, тел.: +7 (7172) 23-57-26, 23-57-00 (ішкі 1178), жеке меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлайды "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Түркістан қаласының "химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі" филиалы үшін **ерекше тәртіпті қолдана отырып, кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға.**

1. Сатып алынатын тұрғын үй орналасқан елді мекеннің атауы: Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы;

2. Тұрғын үй сатып алуға бөлінген ақша сомасы-17 272 331,48 (он жеті миллион екі жүз жетпіс екі мың үш жүз отыз бір) теңге 48 тиын. Төлем сатушының есеп шотына сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

3. Сатып алынатын тұрғын үйдің талап етілетін сипаттамаларының сипаттамасы және тұрғын үйді сатып алу мерзімі техникалық ерекшелікте көрсетілген.

4. Көзделген құжаттамамен сатып алуға қатысуға өтінімдерді кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға 2024 жылғы 16 қыркүйек сағат 09:00-ден 2024 жылғы 01 қазан сағат 11:00-ге дейін мына мекенжай бойынша ұсынады: 010000 Астана қ., Нұра ауданы, Хусейн Бен Талал көшесі, 21/1 үй (кеңсе).

Әлеуетті өнім беруші мөрленген конвертке қатысуға өтінімді ұсынуы тиіс, онда мынадай құжаттар болуы тиіс:

- 1) жеке тұлғаның жеке куәлігінің нотариат куәландырған көшірмелері;
- 2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;
- 3) қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қол қойған баға ұсынысы;
- 4) ұсынылатын тұрғын үйге үшінші тұлғалардың ауыртпалықтарының және/немесе талаптарының жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушінің жазбаша кепілдігі;
- 5) жұбайының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сатуға келісім беру туралы нотариаттық өтініші.

*Әлеуетті өнім беруші осы хабарландыруға қоса берілетін қызметтік пәтерлерді сатып алу туралы шарттың жобасымен танысуы қажет.

Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтінімдерін ашу **2024 жылғы 01 қазан сағат 11:00-де** жүзеге асырылады.

*Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаның өкілі құжаттаманың көшірмесін алу және өтінім беру өкілеттігін құжатпен (нотариалды куәландырылған құжат) растайды.